**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер уәкілетті органының кедендік әкелу баждары сомаларын есептеу мен бөлу туралы есеп нысанына өзгеріс енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 7 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 222 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер уәкілетті органының кедендік әкелу баждары сомаларын есептеу мен бөлу туралы есеп нысанына өзгеріс енгізілсін.

2. Осы Шешім 2019 жылғы 1 қазанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама (2) күшіне енген күннен бастап, бірақ осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 14 қаңтардағы
№ 7 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер уәкілетті органының кедендік әкелу баждары сомаларын есептеу мен бөлу туралы есеп нысанына енгізілетін ӨЗГЕРІС**

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер уәкілетті органының кедендік әкелу баждары сомаларын есептеу мен бөлу туралы есеп нысаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2014 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 222 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 14 қаңтардағы
№ 7 шешімінің редакциясында)

(нысан)

**ЕСЕП ____________________________________________________________________________**
**____ (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер уәкілетті органының атауы)**

## кедендік әкелу баждары сомаларын есептеу мен бөлу туралы

20___ ж. " " ___________ үшін

| Көрсеткіштің атауы | Сомасы | |
|---|---|---|
| | бір күнгі | жыл басынан бері |
| 1 | 2 | 3 |
| 1-бөлім. Мүше мемлекеттің ұлттық валютасында<br>1. Мүше мемлекет уәкілетті органының бірыңғай есепшотына есептелген кедендік әкелу бажының сомасы<br>2. Мүше мемлекет уәкілетті органының есептік күні орындаған кедендік әкелу бажын төлеу есебіне есептелген сома – барлығы<br>соның ішінде:<br>2.1. аванстық төлемдер<br>2.2. кедендік әкелу бажы,салықтар мен алымдар, сондай-ақ басқа да төлемдер<br>3. Есептік күні берешекті төлеу есебіне есептелген кедендік әкелу бажының сомасы<br>4. Ағымдағы күні берешекті төлеу есебіне есептелген кедендік әкелу бажының сомасы<br>5. Есептік күні қайтарылған кедендік әкелу бажының сомасы<br>6. Ағымдағы күні қайтаруға жататын кедендік әкелу бажының сомасы<br>7. Мүше мемлекеттің ұлттық ( орталық) банкі есептік күні орындауға қабылдамаған кедендік әкелу бажын қайтару сомасы<br>8. Мүше мемлекеттер арасында бөлуге жататын кедендік әкелу бажының сомасы – барлығы<br>соның ішінде:<br>8.1. Армения Республикасының бюджетіне<br>8.2. Беларусь Республикасының бюджетіне<br>8.3. Қазақстан Республикасының бюджетіне<br>8.4. Қырғыз Республикасының бюджетіне<br>8.5. Ресей Федерациясының бюджетіне | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. Басқа мүше мемлекеттердің шетелдік валютадағы есепшоттарына аударылған кедендік әкелу баждарының бөлінген сомасы - барлығы | | | |
| соның ішінде*: | | | |
| 9.1. Армения Республикасы | | | |
| 9.2. Беларусь Республикасы | | | |
| 9.3. Қазақстан Республикасы | | | |
| 9.4. Қырғыз Республикасы | | | |
| 9.5. Ресей Федерациясы | | | |
| 10. Мүше мемлекет уәкілетті органының бірыңғай есепшотынан аударылған кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыстан осы мүше мемлекеттің бюджетіне түскен сома | | | |
| 11. Басқа мүше мемлекеттердің шетелдік валютадағы есепшоттарына аудару тоқтатылған кедендік әкелу баждарының бөлінген сомасы – барлығы | | | |
| соның ішінде*: | | | |
| 11.1. Армения Республикасы | | | |
| 11.2. Беларусь Республикасы | | | |
| 11.3. Қазақстан Республикасы | | | |
| 11.4. Қырғыз Республикасы | | | |
| 11.5. Ресей Федерациясы | | | |
| 2-бөлім. Басқа мүше мемлекеттердің ұлттық валютасында* | | | |
| 12. Мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен сома: | | | |
| 12.1. Армения Республикасынан, драм – барлығы | | | |
| соның ішінде: | | | |
| 12.1.1. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыс | | | |
| 12.1.2. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен, Хаттамада ** көзделген талаптардың орындалуы бұзылған кезде өтіп кеткен мерзім үшін проценттер сомасы | | | |
| 12.2. Беларусь Республикасынан, беларусь рублі – барлығы | | | |
| соның ішінде: | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12.2.1. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшотына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыс<br>12.2.2. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен, Хаттамада ** көзделген талаптардың орындалуы бұзылған кезде өтіп кеткен мерзім үшін проценттер сомасы<br>12.3. Қазақстан Республикасынан, теңге – барлығы<br>соның ішінде:<br>12.3.1. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыс<br>12.3.2. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен, Хаттамада ** көзделген талаптардың орындалуы бұзылған кезде өтіп кеткен мерзім үшін проценттер сомасы<br>12.4. Қырғыз Республикасынан, сом – барлығы<br>соның ішінде:<br>12.4.1. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыс<br>12.4.2. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен, Хаттамада ** көзделген талаптардың орындалуы бұзылған кезде өтіп кеткен мерзім үшін проценттер сомасы<br>12.5. Ресей Федерациясынан, ресей рублі - барлығы<br>соның ішінде:<br>12.5.1. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен кедендік әкелу баждарын бөлуден түскен табыс<br>12.5.2. мүше мемлекет уәкілетті органының шетелдік валютадағы есепшоттарына түскен, Хаттамада ** көзделген талаптардың | | | |

| | | |
|---|---|---|
| орындалуы бұзылған кезде өтіп кеткен мерзім үшін проценттер сомасы | | |

Алдыңғы есептің күні "___"________________20__ ж.

Мүше мемлекет уәкілетті

органының басшысы ______________________ _____________

(уәкілетті тұлға) (қолы) (Т.А.Ә.)

Жауапты орындаушы ________________ ________________

(Т.А.Ә.) (телефон нөмірі)

_________________

* уәкілетті органы есепті әзірлеген мүше мемлекетке қатысты толтырылмайды

** Кедендік әкелу баждарын (қолданысы баламалы өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есесптеу мен бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджетінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттама (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша).".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК